

АҒА МЕЙІРБИКЕ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ

ЖАПАРОВА АЙГҮЛ ҚАЛИҚЫЗЫ 55 ЖАСТА

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдаған Жолдауында экономикалық-әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттілігі көрсетілгендігі мәлім. Ал, денсаулықтың мықты болуы, бүгінгі таңда еңбек етіп жүрген әрбір ақ желеңді абзал жандарға байланысты екені сөзсіз.

Медицина саласында мейірімі мен жан жылуы, төзімділігі мен ісіне беріктігі арқылы науқастың кеселінен айығуына үлкен ықпал тигізетін жандардың қатарына мейірбикелер жатады десек артық айтпаймыз.

Мейірбике - білім мен шеберлігі бар, күтім процесіне жауапты, мейірімділік көрсете білетін маман. Мейірбике - емделушіге толық күтімді қамтамасыз ету үшін өзінің кәсіби психологиялық және рухани қасиеттерін дамытқан, бірегей қоғамның белсенді тұлғасы десек және қателеспейміз.

Әрбір іс, әрбір мамандық маңызды. Өз өмірін маңызды және пайдалы іске арнаған адам нағыз батыр десек, артық айтпаймыз. Еңбек етпей бақытты өмір сүру мүмкін емес. Ал, жанға жақын іс өзгелерге пайдалы болса, одан асқан пенделік? жоқ шығар. Батылдық, жан жылуы, өзгелерге жәрдем беру – барлық медицина қызметкерлеріне тән қасиет. Адам қандай мамандық иесі болмасын өз ісінің шеберіне айналса үлкен жетістіктерге жетері анық. Ал нәтижелі жұмыс адамды қашанда бақытқа бөлеп, абыройға кенелтеді демекші осындай абзал жандардың бірі – Ақтөбе медициналық орталығы «Балалар стационарының» балалар хирургиясында бірнеше жыл бойы аға мейірбике қызметін атқарып жүрген денсаулық сақтау ісінің құрметті қызметкері, аяулы ана Жапарова Айгүл Қалиқызы жөнінде бір үзік сыр шерткім келеді.

Жапарова Айгүл Қалиқызы – 1966 жылдың 18 жұлдызында Гурьев (қазіргі Атырау облысы) облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосында дүниеге келген. Әкесі Қазиев Қами (1936 ж) мен анасы Орынбаева Балбибі (1938 ж) аға-апамыздың шаңырағында, көп балалалы отбасында дүниеге келген. 1984 жылы Миялы селосындағы он жылдық № 20 орта мектепті аяқтағаннан кейін, Гурьевтегі медициналық училищенің 1 курсына қабылданады. Медициналық училищені 1984 жылы аяқтағаннан кейін Ақтөбедегі балалар ауруханасына мейірбике қызметіне орналасады. Содан бері осы бөлімшеде қызмет атқарып келеді. Уақыт өте келе аға мейірбике қызметіне ауысты.



Жапарова Айгүл Қалиқызы тәжірибемен қоса ғылыми-зерттеу жұмыстармен де айналысады. Жазған еңбектері «Шапағат» конкурсына ұсынылып, жұмысы «Үздік мейірбике» номинациясымен бағаланды. 2018 жылы науқастарға медициналық көмек көрсетудегі рақым, жақсылық және кәсіпқойлығы үшін Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау департаментінің «Мейірім» төсбелгісімен марапатталды.

2019 жылдың қыркүйек айында «Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжіне» «мейіргер ісінің қолданбалы бакалав-

ры» курсы бойынша оқуға қабылданды. Колледж қабырғасында жүріп «Балалардың аяқ-қолдарының беткей көктамырларына перифериялық катетер орнату мен пункция жасаудан кейінгі асқынуларды зерттеуде мейірбикенің рөлі» тақырыбында ғылыми – зерттеу жұмысымен айналысып, «мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігі дәрежесін алды.

Приоритеттік ғылыми көзқарасы балалар практикасында қолданылатын перифериялық катетерлер мен оған енгізілетін дәрілік заттардың көктамыр қабырғасын химиялық, механикалық тітіркендіруінен пайда болатын флебит, тромбофлебит және басқа да іріңді асқынуларының патогенезіне, клиникасына, оны ерте сатысында диагностикалауға, балалар көктамырына перифериялық катетерлерді қауіпсіз орнату тәсілдеріне арналған. Ғылыми – зерттеу жұмысының нәтижелері 1 шетелдік, 2 республикалық ғылыми-практикалық журналдарға жарияланды. «Балалардың аяқ-қолдарының беткей орналасқан көктамырларына перифериялық орнату тәсілі» атты жұмысы өнертабыстық патентке, «Балалардың аяқ-қолдарының беткей орналасқан көктамырларына перифериялық орнату құрылғысы» тақырыбындағы жұмысы пайдалы модельдік патентке ұсынылды. Сондай – ақ, көктамырлық перифериялық катетеризацияның асқынуларын ерте анықтау әдісін практикаға енгізді.

Айгүл Қалиқызы қазіргі кезде Ақтөбе медициналық орталығы «Балалар стационарының» хирургия бөлімшесінде аға мейірбике қызметінде.

Айгүл Қалиқызы 2 баланың анасы. Немерелерінің сүйікті әжесі.

Айгүл Қалиқызын бүгінгі 55 мерейлі жасымен шын көңілден құттықтаймын. Деніңізге саулық, отбасыңызға аمانдық, қажымас қайрат, еңбекте шығармашылық табыстар тілейміз.



**Ізгі ниетпен Ақтөбе медициналық орталығының дәрігері
Қайырғали Азамат Қайырғалиұлы**

